

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.350-351

## **«BRB АРК» ЖШС ЖЫЛЫЖАЙ ЖАҒДАЙЫНДА БАЯЛДЫНЫ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

*Сағидулла М.М.*

Үкімет агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған «Агробизнес – 2020» бағдарламасын 2013 жылы қабылдаған болатын. Бұл бағдарлама еліміздегі ауыл шаруашылық саласының қаржы жағдайын сауықтыруға, агроөнеркәсіптік кешен үшін тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге қолжетімділікті арттыруға, АӨК субъектілерін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйелерін дамытуға, сонымен қатар, саланы мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Бағдарлама қабылданған сәттен бастап 4 жыл ішінде ауылда бизнестің дамуына, салаға инвестицияның келуіне, бөлініп жатқан қаржының тиімділігін жоғарылатуға өз үлесін тигізіп келеді. Бағдарламаны іске асыруға 8 жыл ішінде барлығы 3 122,2 млрд. теңге қажет, ал мемлекеттік бюджет есебінен іске асыруға жиыны 2 662 млрд. теңге қажет. Қалған қаржыландыру облигациялық қарыздар (300 млрд.) және Азық-түлік келісім-шарт корпорациясының (2,1 млрд.) сондай-ақ «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-тың (96 млрд. теңге) меншікті қаражатының есебінен жүзеге асырылады деп жоспарланған[1].

Осы жоба негізінде "ҚазАгро" ұлттық холдингінің қаржылай қолдауымен Алматыда Қазақстандағы ең үлкен Жылыжай кешені бой көтеріп, оңтүстік астананың сауда желілеріне өз өнімдерін жеткізуді бастаған болатын. Республиканың АӨК маңызды нысан "ҚазАгро" ұлттық холдингінің 10-жылдығы және Қазақстанның Тәуелсіздігінің 25-жылдығы қарсаңында іске қосылды. «BRB АРК» ЖШС-нің жалпы құны 7,8 млрд. теңге тұратын алаңы 12 га жылыжайын «ҚазАгро» құрылымындағы компания - «ҚазАгроҚаржы» АҚ қаржыландырған. Объект оңтүстік астананың Алатау ауданында орналасқан және 3 200 тонна қызанақ, 4 000 тонна қияр және баялды, тәтті бұрыштың жылдық өндірісіне бағдарланған. Өндірісте Dalsem голланд компаниясының технологиясы қолданылады.

«BRB АРК» ЖШС жылыжай кешені – бұл 530 инвестициялық жобаның біреуі, ол «ҚазАгро» ұлттық холдингінің компаниялары тобымен қаржыландыруға мақұлданған. Оның жиынтық құны - 285 млрд. теңге. Іс жүзінде, бұл инфрақұрылымдық жобалар, олар аграрлық саладағы – ет және сүтті мал шаруашылығынан бастап өсімдік шаруашылығы мен өнімдерді қайта өңдеуге дейінгі түрлі бағыттарды дамыту үшін серпін береді. Бүгінгі күні осы жобалардың ішінде пайдалануға берілгені – 490 жоба, оның көп бөлігі толық жобалық қуатқа шықты.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша, республикадағы ерте көкөніс өндірісінің көлемі 2015 жылы 147,7 мың

тоннаны құрады, ол ұлттық тұтыну нормасына сәйкес, елдің ішкі қажеттілігінің тек 83%-ын ғана құрайды. Бұл маусым аралығы кезеңінде көкөніс өнімінің көлемін ұлғайтуға, импортқа тәуелділікке әкеледі. Қазіргі уақытта, республика тұрғындарының жабық топырақтағы көкөніске қажеттілігі шамамен 175 мың тоннаны құрайды[2].

Жылыжайда жиі өсірілетін дақылдардың бірі – баялды. Баялды (*Solanum melangena*) - алқа тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Жапырақтары үлкен, кезектесіп орналасқан тікенекті. Күлгін, қара-көк түсті, диаметрі 2,5-5 см болып келеді. Жемісі – үлкен, сопақша, алмұрт тәріздес немесе цилиндр пішіндес болып келеді. Ұзындығы 70 см-ге дейін, диаметрі 20 см-ге дейін, салмағы 0,4-1 кг-ға дейін барады. Тұқымы майда, ашық қоңыр, тегіс болады. Дақылдың жалпы вегетациялық мерзімі ауа райлық жағдайларға -температура және жарықтату жағдайларына байланысты 80 –нен 100 ге дейін күнді құрайды.

Жылылыққа талабы жағынан баялды буданы қызанақтан, тіпті бұрыштан басымдылықты. Дақылдың 8-12 күнде шығатын дәндердің өсуінің минималды температурасы 13—15°C, ал оптималдысы 20 – 25°C. Жылыжайларда баялдың тез пісетін, аласа бойлы сұрыптарын өсіреді.[3].

Герман Л.Л., Онищенко О.И., Шабется О.Н., Бойко И.В., Коноваленко К.Н. секілді бірқатар ғалымдар баялдың жылыжайда өсіру ерекшеліктеріне, аурулары мен зиянкестерімен күресу жолдарына зерттеу жүргізген болатын. Олардың айтуы бойынша, қазіргі таңдағы көкөністік жылыжайлардың басты мәселесі жылыжай грунттарын ұзақ уақыт ауыстырмай пайдалану және дақылдардың өзара алмастырылмауы. Қорғаулы аймақта монодақылдарды есепсіз орналастыру, аурулардың дамуып, таралуына алып келеді. Ғалымдар баялдың «Премьер» сортына сынақ жасаған. Тәжірибеде ФМБ – эталон, БСП (биополицид), Экобацилл, Бактобаслон секілді препараттар қолданылған. Минералды тыңайтқыштарды берумен бірге микробиологиялық препараттарды да қоса енгізу фузариоз ауруының дамып, одан әрі таралуына шектеу қойған. Максималды өнімділік Бактобаслон препаратын (2,91 кг/м<sup>2</sup> артқан) және эталонды (1,63 кг/м<sup>2</sup>) қолданғанда байқалған. Демек, біздегі ең басты мақсат жоғарыда аталған технологиялар мен тәсілдерді пайдалана отырып, баялдың өнімділігін арттыру[4].

#### Әдебиеттер тізімі

1 2013 жылғы 18 ақпанда №151 жарлығына сәйкес ҚР Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес – 2020» бағдарламасы.

2 Интернет ресурсы: <https://www.google.com/search>.

3 Щепетков Н.Г. Жеміс-көкөніс шаруашылығы / М. Ә. Ысқақов, Н. Г. Щепетков. - Алматы: Дәуір. - 2011. Б 421- 422.

4 Герман Л.Л. Эффективность биологических приемов выращивания баклажана и перца сладкого в пленочных теплицах / Онищенко О.И., Шабется О.Н., Бойко И.В., Коноваленко / Белгородский государственный аграрный университет им. В.Я.Горина. Параграф. - 2014. С 22-23.

*Ғылыми жетекші: Ә.І.Сейтхожаев, а.ш.ғ.к.*